



9 ақпан, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

Бауырлас ел қолдаудан аянбайды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Республикасының Қазақстандағы елшілігіне барып, бауырлас елдің оңтүстік-шығысында болған алапат зілзала салдарынан мыңдаған адамның қаза табуына байланысты көңіл айтты. Сондай-ақ Қазақстанның жан-жақты қолдау көрсететінін жеткізді.

Президент көңіл айту кітабына жазба қалдырды.
— Түркияда болған жойқын жер сілкінісі салдарынан көп адамның қаза болуы баршамыздың қабырғамызды қайыстырды. Қазақстан халқының және жеке өз атыман түрік бауырларымызға көңіл айтамын, — деп жазды Мемлекет басшысы.



САПАР



КЕН ОРЫНДАРЫН БАРЛАУ басымдық ала береді

«Сейсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірдегі жұмыс сапарымен келген «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевпен бірге өңірдегі мұнай кен орындарын аралады. «Ақшабулақ» кен орнында болып, «Торғай-Палеозой» жобасының жүзеге асырылу барысымен танысты» деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Еске салсақ, «Торғай Палеозой» барлау алаңында 5 мың метрден астам тереңдікте көмірсутек шикізатына геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Қазіргі таңда Қызылорда облысында мұнай өндіру технологияларын жетілдіру және жаңа кен орындарын барлау-іздістіру жұмыстары қолға алынбақ.
Республикалық бюджет есебінен «Шу-Сарысу» және «Арал» бассейндерінде геологиялық-геофизикалық зерттеу жұмыстары жүргізілуде. «Сырдария» шөгінді бассейнін зерттеуге республикалық бюджеттен қаражат бөлу сұратылды.
«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев мұнай компанияларындағы жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы мен жаңа кен орындарын барлау бойынша өңірде атқарылып жатқан жұмыстарға он бағасын берді.

Әрі қарай облыс әкімі мен ұлттық компания басшысы «Күмкөл» кен орнындағы мұнай барлау жұмыстарының негізін салған қайраткер Мұрат Саламатовтың ескерткіш-биостіне гүл шоқтарын қойып, кен орнындағы өндірістік нысандардың жұмысымен танысты.

Айта кетейік, өңірдегі жұмыс сапары аясында Мағзұм Мырзағалиев Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде Қызылорда облысының мектептеріне «National Geographic» журналына жазылуға сертификаттар табыстады. Ғылым әлемінде танымал басылым география, табиғат, тарих, ғылым және мәдениет туралы ақпараттық-танымдық материалдарды қамтиды және оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін дамытуға әрі жалпы әруудиясын арттыруға мүмкіндік береді.



ТҮРКИЯНЫ ТЕҢСЕЛТКЕН АПАТ

Апта басында түрік жұрты аяқ астынан қайғы-қасіретке оранды. Елдің оңтүстік аймақтары мен Сирияның солтүстігінде болған аса қуатты үш жер сілкінісінен кейін мұнда құтқару жұмыстары тоқтаусыз жалғасып жатыр.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ, «Сыр бойы»



Сурет ашық дереккөзінен алынды

Осындай қуаттылығы жойқын зілзаланы, мұндай қайғы-қасіретті кім күткен? Мыңдаған құрбандық ала келетін, кісі бойында қорқыныш пен үрей тудыратын табиғи зұлматтың бірі — зілзала. Адамзаттың даму тарихына үнілсек, айтып келмейтін ауыр сынақтардың тудыраған зардаптары өлшеусіз.
Бүгінге дейін әлемде зілзаланың қаупін сейілтудің алдын ала болжам жасау мүмкіндігі барынша шектеулі болып отыр. Мұны ойға сіңірудің өзі қорқынышты. Ең өкініштісі, мұндай табиғи апаттың дәл қай күні, қай сағатта болатынын сейсмология ғылымының өзі нақты айта алмайды. ДДСҰ бағалауы бойынша зілзаладан зардап шеккен аумақтарда барлығы 23 миллионнан астам халық тұрады. Аталған ұйым қаза тапқандар саны 20 мыңнан асуы мүмкін екенін ескертіп отыр.
Ақпанның 6-сы күнгі жер сілкінісі осы ғасырда Түркияда болған аса ірі зілзала саналады.

4-бет

11 ақпан күні Әл Фараби көшесінде (261 мектептің жаны) «Байқоңыр» ӘКК» АҚ ұйымдастырумен өңірлік тұрақтандыру қорынан алынған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының жәрмеңкесі өтеді.

Жәрмеңке өтеді

Жәрмеңкеге 13 тонна әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері, оның ішінде картоп, сәбіз, пияз, ұн, күнбағыс майы, кант, ет пен балық өнімдері ұсынылып, нарық бағасынан төмен бағада сатылады.
Картоп — 125 теңге.
Сәбіз — 130 теңге.
Пияз — 90 теңге.
Ұн — 180 теңге.
Кант — 425 теңге.
Күнбағыс майы — 665 теңге.
Қарақұмық жармасы — 514 теңге.
Жәрмеңкенің басталуы 10:00-ден 13:00-ге дейін.



Сурет ашық дереккөзінен алынды

МЕРЕЙ

Қайраткерге құрмет

«Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қаржы саласының үздігі, Жаңақорған ауданы және Қызылорда қаласының құрметті азаматы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Қалқазбек Әжібековті 75 жас мерейтойымен құттықтады» деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.



Аймақ басшысы 48 жылдық еңбек жолының 32 жылын қаржы саласына арнаған ардагерге алғыс айтып, өңірдегі зор еңбегін атап өтті.

— Құрметті Қалқазбек Әжібеков, Сіздің нәтижелі жұмысыңыздың арқасында облыстағы төлем мәселесін дұрыстау үшін республикада алғашқы болып вексельдер мен есеп айырысу чектері шығарылып жұмыс жасалды. Сонымен қатар, қалаға газ жүргізу үшін 1996 жылы республикада екінші болып 100 млн теңгеге «Инвест газ» замын шығарудағы еңбегіңіз ерекше. Қызылорда қаласында арнайы экономикалық аймақ құру нәтижесінде бұрын республикалық бюджетке түсетін кірістер облыс бюджетіне толық түсірілсе, Қалқазбек Әжібековтың облыстық қаржы басқармасын басқарған уақытында облыс бюджеті 1999 жылға «профицитпен» бекітілген. Осы жолыңызды жалғастырып, қаржыгерлердің атқарған жұмыстарының нәтижесінде облысымыздың бюджеті қазіргі таңда 520 млрд теңгеге жетіп, 45 пайызға ұлғайды. Аталған қаржы халыққа бірінші кезекте қажет жобаларға, яғни, инженерлік инфрақұрылымдарға, әлеуметтік нысандар құрылысына бағытталуда, — деді облыс әкімі.

Сыр елінің дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Қалқазбек Әжібековке облыстың Құрмет грамотасы табысталды.

Мерейтой иесін облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік

Дүйсенбаев, облыстық «Апанат» партиясының төрағасы Наурызбай Байқаламов, «Құрмет» орденінің иегері, салық қызметінің ІІ ранглі Мемлекеттік кеңесшісі атағының иегері Дайрабай Ысқақұлы және құқық қорғау саласының ардагері Тастемір Рахымов құттықталды.

Шара соңында Қалқазбек Әжібековтың жерлестеріне ізгі тілектері үшін ризашылығын білдірді.

Қ.Әжібеков облыс экономикасын көтеруде, қаржы саласының жұмысын нығайтуда қажымай еңбек етіп, көптеген білікті кадр тәрбиелеуге үлес қосты. Оның бастамасымен Арал өңірінің жағдайын жақсартуға арналған Заң қабылданып, соның нәтижесінде осы күнге дейін айлық жалақыға 30-50 пайыз қосымша төлемдер төленуде. Қаржыгердің ықпалымен 2001-2003 жылдары облыстағы ауылдардың экономикасын көтеруге бағытталған «Ауыл келбеті» бағдарламасы және ауылға мамандарды тұрақтандыру, ауылдан тұрғындардың үлере көшіп-қонып мақсатында ондағы мамандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін «1000 тұрғын үй салу» бағдарламасы қабылданып, нәтижелі жүзеге асырылды.

ҚАЛАҒА ІРГЕЛЕС ҚОНЫС

«Ақсуат» ажарланар күн алда

Кейінгі кезде «Ақсуат» ауылдық округіне қоныстанушылар көп. Әсіресе қаланың шулы тіршілігінен шаршағандар «Наурыз» елді мекенінен жер алып, үй салуда. Оның үстіне биыл газ кіндігінің естіген жұртшылықтың жерге сұранысы артқан. Сонан да мұнда жер мен үйдің бағасы қымбаттауда.

Мәліметтерге сүйенсек, ауылдық округке қарасты Ж.Маханбетов ауылы және «Наурыз» саяжайында тұрғындар саны 10 мыңнан асқан. Алдағы уақытта «көгілдір отын» қосылғанда көшіп келушілер саны тағы еселенбек.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Әлбетте, жаңа қоныстанушылар үшін көшелер салынып, оның инфрақұрылымында мәселе болмағаны жақсы. Алайда әлеуметтік желіде тұрғындар тарапынан жиі сын айтылып жүр. Жұртшылықтың талап-тілегін

жеткізу үшін әкіммен бетпе-бет жолығуды мақсат еткен едік. Ауылға кіреберісте алдымен «Шаттық» құрылыс дүкені көзге түседі. Демек, құрылыстың қарқын алғанын аңғару қиын емес. Қап-қап көмір де осында.

2-бет





ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының қоры мен бағасын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі шаралар талқыланды.

Апталық жиын ауқымы

Жиында министрлер мен бірқатар өңір әкімдері аталған мәселелер бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады.

Үкімет басшысы сатып алу-сату кезіндегі тауарлар көлемі мен бағасын ерекше бақылауға алуды тапсырып, өңірлерде құрылыс маусымын уақытылы бастау үшін тиісті жер учаскелерін алдын ала бөлу, жобалық құжаттаманы әзірлеу және қажетті инфрақұрылымды жүргізу маңызды екенін атап өтті.

Үкімет басшысының тапсырмаларын орындау бағытында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасына тұрақтандыру қорының қаражатына толығымен облыстың және өзге өңірлердің тауар өндірушілерінен тікелей өніммен қамту мәселесін қолға алуды тапсырды. «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ өндіруші кәсіпорындар және ауыл шаруашылығы құрылымдарымен тікелей келісім жасай отырып, сатып алынған өнімдерді әлеуметтік дүкендерден бөлек басқа да ірі сауда орталықтары арқылы сатып алуын үйлестіру, тауар интервенцияларын жүргізу және дебиторлық қарыздарды өндіру жүктелді. Мұнан бөлек, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына делдалдық схемаларды қысқарту бойынша тиісті жұмыстарды жүргізіп, баға үстемесін қалағалау бойынша міндет қойылды.

Ал күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Қызылорда қаласы және аудан әкімдеріне 2023 жылы пайдалануға берілетін тұрғын үйді уақытылы аяқтап, Арал және Қазалы аудандарының орталықтарында көріздік тазарту станцияларының құрылыс құжаттарын келісу бойынша тапсырма берілді.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ҚОС ТАРАПТЫҢ ЖАУАПТЫ ҚЫЗМЕТІ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгинмен кездесті. Кездесу барысында облыс әкімі Байқоңыр қаласында қазақстандық тараппен жүргізіліп жатқан және алдағы уақытта жүзеге асатын жобалар туралы айтып...

— Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы мемлекеттік органдарының бірлескен іс-қимылдарының арқасында «Байқоңыр» кешенінің дамыту мәселелері тиімді түрде шешімін табуда. Байқоңыр қаласы әкімшілігінің белсенді ықпалымен Байқоңыр қаласында 2022 жылы республикалық референдум және Қазақстан Республикасы Пре-

зидентінің кезектен тыс сайлауы жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Биыл 19 наурызда ҚР Парламенті Мәжілісінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттарын сайлау өтеді. Бұл науқан да тиісті деңгейде өтетініне сенімдімін, — делі аймақ басшысы.

Жиында тараптар арасындағы ортақ жоспарлар сөз болып, оның ішінде Байқоңырдағы жылу-электр станциясын газға қосу

арқылы тұрғындарға төлем құнын төмендету мәселесі талқыланды.

Кәзіргі таңда Байқоңырда 5 тұрғын үйдің құрылысы мен инженерлік инфрақұрылымды жанарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Байқоңыр халқының тұрмыс-тіршілігі, жалпы «Байқоңыр» кешенінің жағдайы Мемлекет басшысының тікелей бақылауында. Сондықтан қаланың әлеуетін арттырып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау бағытында ауқымды жобалар жүзеге асырылатын болады.

Аймақ басшысы Байқоңыр қаласының сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін модернизациялау бойынша жұмыстарды жалғастыру үшін биылғы жылы республикалық бюджеттен 1,1 млрд теңге бөлінгенін мәлімдеді. Сондай-ақ, қалада қазақстандық білім беру стандарты бойынша жұмыс жасайтын балабақша ашу жоспарымен бөлісті.

Бұдан бөлек, облыс әкімі және Байқоңыр қаласы әкімшілігі басшысымен бекітілген «2022-2025 жылдарға арналған Байқоңыр қаласы жастарын қолдау» жөніндегі кешенді жоспардың жүзеге асып жатқандығын айтып, алдағы уақытта да бірлескен жобалардың нәтижелі орындалатынына сенім білдірді.

Пайыз төмендегенімен, жауапкершілік әлсіремейді

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстворалық комиссия отырысы өтті. Жиында көмелетке толмағандар және оларға қарсы жасалған қылмыстардың отбасы тұрмыстық қарым-қатынастағы құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары талқыланды.

Аймақ басшысы көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар проблемасы кәзіргі уақытта қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі екенін атап өтті.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа Жолдауында көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмыстарына күшейтуді және олардың құқықтық сана мен мәдениетін қалыптастыруда тиянақты жұ-

мыс жасауды міндеттеді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша республикада көмелет жасына толмағандар арасында жасалған қылмыс 14%-ға өсім алса, оларға қарсы жасалған қылмыстар 4%-ға төмендеген. Өңірімізде, көмелет жасына толмағандар арасындағы қылмыс 44%-ға, оларға қарсы жасалған қылмыс 31%-ға азайған. Дегенмен, қылмыс саны азайды деп бұл бағыттағы жұмыстарды әлсіретуге болмайды, — делі облыс әкімі.

Аймақ басшысы көмелет жасына толмаған жасөспірімдер арасында суицид, құқық бұзушылық орын алатын жағдайда сол бала білім алатын оқу орны басшысының қызметіне қатысты жауапкершілігі қаралатындығын ескертті.

— Дені сау, білімді, тәрбиелі ұрпақ өсіру — баршамыздың ортақ міндетіміз. Баланың теріс іс-әрекетіне тек полиция немесе білім ұйымдары емес, ата-ана, бүкіл қоғам жауапты, — деп толықтырды аймақ басшысы.

Күн тәртібіндегі екінші мәселеге қатысты облыс әкімі соңғы жылдары аймақта отбасылық зорлық-зомбылық оқиғалары жиілегенін айтып, мұндай жағдайдан зардап шеккендердің

ахуалына тұрақты түрде мониторинг жүргізу қажеттігін ескертті.

Комиссия отырысында облыстық полиция департаменті бастығының міндетін атқарушы Шамшидин Амитов пен облыстық білім, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының басшылары тиісті мәселелер бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады.

Жылы қорытындысымен жауапты мекеме басшылары мен қала, аудан әкімдеріне аталған мәселелерді қатаң бақылауға алып, профилактикалық жұмыстарды күшейту тапсырылды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

БРИФИНГ

Арал ауданына тартылған инвестиция көлемі артқан. Былтыр ауданға тартылған 16,7 млрд теңгенің 70 проценттен астамы ауылдық елді мекендерге тиесілі. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте аудан әкімі Серік Сермағамбетов айтты.

Аралға инвестиция көлемі артқан



Былтыр ауданның кірісі 5,1 млрд теңгеге жетіп, өнеркәсіп орындары 24,6 млрд теңгенің өнімін өндірген. Индустрияландырудың үшінші бесжылдығы аясында 1620 адамды жұмыспен қамтитын 162 млрд теңгенің 9 жобасы іске асырылды. Оның ішінде кварц құмын өндіру бойынша тау-кен комбинаты мен ас тұзын өндіру шеңберіне қосылған. Тауарлы балық өсіру, титан өндіру, кальцийлендірілген сода зауытын салу секілді 7 жоба бойынша жұмыстар жалғасуда.

— Былтыр Арал мал және балық шаруашылығын дамыту бойынша аудандар арасында үздік деп танылды. 13,4 млрд теңгенің ауыл шаруашылығы өнімдері өндірілді. Саланы дамытудың 2022-2024 жылдарға арналған жол картасы бекітіліп, үш бағыт айқындалды. Бірінші кезекте жайылымдық, шабындық және егістік жерлерді суландыру мәселесін алға қойдық. Барлығы 13 су ұнғамасы қазылып, 10 канал тазартылып, 5 тоспа салынды. Екіншісінде, егін шаруашылығын дамыту қолға алынды. 2021 жылға дейін екі елді мекенде ғана егін егіліп келсе, қол картасы аясында көрсеткіш 11-ге жетті. Үшінші бағыт бойынша «Қамыстыбақ» және «Ақшатау» көлдер жүйесін ретке келтіру үшін дарияның «Бұрмақұлақ» учаскесін бөгең, «Аспай» суағтықсыз іске қосылды, — делі Серік Сермағамбетов.

Жалпы жол картасы аясында 30 жоба іске асырылып, ауданға 792 млн теңге инвестиция тартылған. Сондай-ақ, шағын және орта кәсіпкерлік саны 6 мыңнан асып, олардың жұмыс істеп тұрғандарының үлесі 95,2 пайызға жеткен. Ауданда кәсіпкерлікті қолдау шаралары да қарқын алып, мемлекеттік бағдарламалар мен қаржы институттары арқылы 1910,7 млн теңгенің 142 жобасы несиелендірілген. Бұдан бөлек, құрылыс саласы да қарқын алып, 29 мың шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға берілген.

— Сондай-ақ, аудан бойынша жер учаскесін алуға 7 мыңнан астам адам кезекте тұр. Осы кезекті азайту үшін «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында Арал қаласындағы №5 және №6 шағын аудандарында электр және су желісінің құрылыс-монтаж жұмыстары жүруде. Бұл бағытта республика бюджетінен 567 млн теңге, биыл құрылыс жұмыстарын аяқтауға облыс бюджетінен 62 млн теңге қаралды. Бұл өз кезегінде жер алуға 2008-2011 жылдары кезекте тұрған 1043 тұрғынның өтінішін қанағаттандыруға мүмкіндік береді, — делі аудан әкімі.

Сонымен қатар, былтыр ауданда 3067 жаңа жұмыс орны ашылған. Білім саласында да бірқатар жобалар қолға алынып, «Балалар жылына» орай аудан орталығында 2 ойын-сауық орталығы, демеушілер есебінен 6 ойын алаңы ашылды. Сондай-ақ, ауданда 5 балабақша пайлануға берілді. Бұдан бөлек, «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында 2023-2024 жылдары 4 мектеп салынып, бір мектеп күрделі жөндеуден өтеді. Биыл бір мектептің құрылысы басталды.

Брифингте аудан әкімі алдағы міндеттерді де атап өтті. Ауданның әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге бағытталған 52,4 млрд теңгенің 96 жобасын қаржыландыру үшін тиісті салалық министрліктерге бюджеттік өтінімдер тапсырылған. Оның ішінде биыл құны 9,1 млрд теңгенің 14 жобасы іске асырылатын болады. Қалғанын қаржыландыру мақсатындағы жұмыстар жалғасуда.

Сондай-ақ, индустрияландырудың үшінші бесжылдығы аясында 1352 адамды жұмыспен қамтитын 158,6 млрд теңгенің 7 жобасы іске асырылды. Бұдан бөлек, биыл «Тезис» компаниясы 10 млрд теңгеге ауылдарда күн сәулесі электрстанцияларын орнату жобасын жүргізеді.

«Ақсуат» ажарланар күн алда

Қатты отынды пайдаланатын ақсуаттықтар өзінде соңымен лаждап отыр. Ал оң жақта үлкен мейрамхана мен мұндайды. Қос қабатты жаңадан салынған үйлер көптеп бой көтерген. Әрі қарай шағындүкен, жеке балабақша, жеке мектеп, дәріхана, сұлулық салоны дейсіз бе, бәрі бар. Білімімізше, 408 жеке кәсіпкер тіркелген. Көпшілікке қызмет ететін орындар қаладан кем түспейді.

Бұдан он шақты жыл бұрын осы ауылға жұмыс барысымен бір шараға келгенім есімде тұсті. Сонда бір ғимарат ішінде әкімшілік, учаскелік амбулатория, кітапхана, екінші қабатта тұрмыс төмен отбасылар тұрып жатқанын көріп, таңғалғанымыз рас.

Бүгінде ондай сүреңсіз көрініс жоқ. Ауылдық әкімшілік өз алдына бөлек ғимаратқа көшіпті. Бес жылдан астам ауылды басқарып келетін Мәмбетәлі Ақмырзаев осы жердің тумасы болып шықты. Демек, өз ауылының негізгі мәселесін беске білуді тиіс. Тұрғындар базынасын жеткізген бізге өзінің жұмыс істеген уақыттағы ауыз толтырып айтарлықтай тірліктерді баяндады. Ауылдық округтің тарихы сонау 1928 жылдан бастау алады. Кезінде кеңшарда ірі-ірі мал шаруашылықтары болған. Қазір де жұмыс жасап тұрған бірнеше шаруашылықтар бар. 1994 жылдан бастап құрылған «Ақсуат» ауылдық округіне Кеңес Одағының Батыры Жақыпбек Махамбетов атындағы ауыл (бұрынғы С.М.Киров атындағы совхоз) және «Наурыз» саяжайы, «Жаңадария» каналы бойында орналасқан шағын елді мекендер қарайды. Сол канал іргесіндегі «Ойшенгел» деген жер мен дария арасында қамыс өскен алқапты «Ақсуат» деп аталады. Дарияның табаны болған сол жерге шенгел өспей, қамыс шыққан.



Наурыз саяжайының округке келіп қосылғанына 15 жылдай уақыт болған. Жаңадан қоныстанушылардың негізгі мәселесі — жол, жарық, ауызсу, газ. 2017 жылы 1 млрд 250 миллион теңге бөлініп, ауызсу мәселесі шешілген. «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасы аясында 550 млн теңге бөлінген. Оның 150 млн теңгесі қырық жылдай жөндеу көрмеген №43 мектепті толығымен қайта жанғыртуға жұмсалыпты. Кезінде қыс айларында сырт киіммен сабақ оқыған оқушылар, қазір жақсы жағдайда білім алады.

«Ауыл — ел бесігі» бағдарламасы бойынша 2020 жылы 19 көше жөнделген. Оның ішінде 7 көшеге асфальт, қалғанына шиыршық тас төселген. Жанбыр жауса ми батпағы шығып, жаз шықса шаңы аспандайтын көшелер осылайша кейінгі екі-үш жылдықта ретке келіпті. Оған 350 млн теңге жұмсалған. Ауыл тұрғындарының көбісі қалаға қатынап жұмыс істейді. Сондықтан ең бірінші тұрғындарды мазалайтын да — жол мәселесі. Қоғамдық көліктерден №2, №12 бағыт қатынап тұр. Жұырда №12 бағытқа жаңа үлкен сыйымдылықтағы автобустар бе-

рілмекші. Сондықтан олардың жүруіне ыңғайлы әрі кең, асфальтталған көшелер керек.

Биылға жоспарланған үлкен жобалардың бірі — ауылдың электр желілерін жанарту. Ауыл әкімі М.Ақмырзаевтың айтуынша, 1 млрд 65 млн теңгеге үлкен жоба дайындалуда. Оған 32 көшені электр желісімен қамту қарастырылып отыр. Жоба аясында 8 трансформатор құру көзделген. Жел тұрса, жылы етіп жарығы сөніп қалатын кейбір көшелер бар. Олар бұрынғы ескі бағаналарға жалғанған. Сондықтан тұрғындар «жарық сөнді» деп жиі реніш білдіріп жатады. Енді жоба іске асса, «жарықтың сөнуді орын алмайды» деп сендірді әкім. Былтыр жаңадан көшіп келген тұрғындар орналасқан 28 көшеге электр желісі тартылып, 5 трансформатор орнатылған. Одан бөлек, үлкен бес көшеге түнгі жарық шамдарын орнату және асфальттау жұмыстары жасалып, тротуар түседі. Тағы 32 көшеге электр желісін тарту қажет.

Өзекті мәселенің тағы бірі — «көгілдір отын». 2018 жылдан бері ауылға газ кіргізу жайлы айтылып келеді. 2021 жылы 500 млн, өткен жылы 2 млрд 400 млн, биылға

1 млрд 800 млн теңге бөлінген. Алдағы жылы маусымды аяқталған соң, газды кіргізу жоспарлануда. Өйткені, құрылыс жұмыстарын жүргізген «Әлия» компаниясы «Қазтрансгаз» мекемесіне өткізбек. Оны қабылдап, тексеріп алу үшін де біршама уақыт қажет. Бұл процесс наурыз немесе мамыр айларына дейін жалғасуы мүмкін.

Ауыл әкімінің марқайып көрсеткен жұмыстарының бірі — 28 жыл бойы іске аспай, құр қанқасы қалған балабақша ғимаратын ауылдың меншігіне алуы. Оған дейін қалалық білім бөлімінің баланың тұрған мекемесіне кезеге сатылып кетпегеніне куәналы әкім. Тоқсаныншы жылдарда жұмысын тоқтатқан балабақшаның бар дүниесі мүлкі тоналған. Осы ғимараттың күрделі жұмысын жасауға жоба дайындалды. Оны шымықтатқан бір компания 64 млн теңгеге ұтып алып, 7-8 айдың ішінде адам танымастай жаңа кейіпке ендіріпті. Осылайша «Асылай» балабақшасы 2021 жылы пайдалануға берілді. Онда қазір 130 бала тәрбиеленсе, 40 адам қызмет етеді.

Айтпақшы, бұл ауылдық округ «Үлгілі ауыл» номинациясын иеленген. Оған бөлінген 10 миллион теңгеге ауылға орталық алаң салыныпты. Қазір барлық шара орталық алаңда өткізіледі. Спорттық жарыстар, концерттер, Наурыз тойы ұйымдастырылып, ауыл адамдарының ауызбіршілігін арттыратын мәдени орталыққа айналды отыр.

Халық санының артуы мектеп пен балабақшаларда орын тапшылығын тудырыпты. Осылайша №268 мектепте оқушылар үш ауысыммен оқып келген. Бұл мәселе де шешімін тауып, мектеп жанынан 200 орындық бастауыш мектеп ғимараты салынып, білім берудегі бірқатар мәселе шешімін тауыпты.

Жергілікті жұртшылық әзір-

МЕРЕЙ

АСҚАР ТАУДАЙ АБЫРОЙ

Өмірде адамның тұлғалық қасиетінің қалыптасуының сыры неде деген сауалды жиі естиміз. Айтатыны жоқ, мың сан шытырман ойларға жетелейтін күрделі сауал. Оған жауап беру үшін едеттен тыс философия иірімдеріне үңіліп, бұрынғы адамдардан қалған есті сөздерді, үйреншікті қатып-семіп қалған қағидаларды қайталап жатқым келмейді. Мен бүгін әңгімелегелі отырған қазақтың маңдайалды ұлдарының бірі Бердібек Машбекұлы Сапарбаевтың білімі мен біліктілігі, адами болмысы, ішкі жан дүниесінің иірімдері, оның ел билігінде ұзақ уақыт отыруының қыр-сыры туралы шын жүректен шыққан алғаусыз пікір-пайымды қағазға түсіру, елбетте, оңайға соқпағанын атап өткім келеді. Сөбебі қарама-қайшылығы мол өмір заңдылығы осындай. Дегенмен өмір шындығы бар. Ал егер оған сүйенсек, Бердібек Машбекұлының өз тағдырын өзі жасаған азамат екенін айрықша атағым келеді.



лысында арнайы экономикалық аймақ құрудың тиімділігін дәлелдеп, 1996 жылы қарашада Қызылорда арнайы экономикалық аймағының құрылуына қол жеткізді.

Қазақстан** **Үкіметінің** **Құрамында Б.Сапарбаев** **Жапонияға ресми сапармен барған кезінде, Арал теңізі аймағындағы мұнай-газ қорын игеру, ауысу тазалағыштары орнату, ирригациялық құрылыстар салу және бұрынғыларын қалпына келтіру сияқты күрделі жұмыстар атқарудың алғышарттары жасалғанды. Өңірдегі мұнай-газ саласын дамытудың қауырт істері қолға алынды. Бұл мәселелі шешу үшін Үкімет алдына дәлелді ұсыныстар қойылды. Қазақстан Үкіметі де Әкім Сапарбаевтың батыл ойлары мен іскер қадамын мақұлдап, қолдан отырды. Сөйтіп, Сұра өңіріндегі Әкімдік қызметінің негізгі мақсаты – шетелдік инвесторларды тарту арқылы бірнеше жылдан бергі жинақталып қалған облыс кәсіп-орындары ұжымдарының жалпы қарыздарын өтеу, мұнай кәсіпшілігін өз қолына ұстайтын жергілікті мамандарды даярлау, өндіріс өнімін ұлғайтудан облыс бюджетіне түсетін қаржыны көбейту, Қызылорда қаласына ілесне газ екеу, оны іске жарату болса, осының біразы ойағдайға жүзеге асырылды. Әкімнің алдына қойған мақсаты мен құрған есебі дұрыс шықты.

Иә, оның есімі әрдайым ел есінде аталады. Демек, Бердібек Машбекұлының есімі ел аузында жүріп тегін емес. Бұл ақсома, ешкіммен салыстыруға келмейтін шындық. Сыр жағасындағы құмды ауылда 1953 жылы 9 ақпанда дүниеге келген Бердібек Сапарбаев сол кездегі ауыл баласына тән тіршілік кешті, әйтеуір ауылдың күйің тірлігіне жастайынан араласты. Ауыл үйдің азын-аулақ малын бақты, шөбін шапты, кесек құйды, қара жолдың шаңын көтеріп, балаша асыр сала, ойнап өсті.

Жаңадан құрылған шаруашылыққа жер мәйегін еміп өскен, бейнеткер Машбек сияқты азаматтар аудады қажет еді. Жаңадан ашылған ауылда мектеп болмағандықтан, 8 сынып оқушысы Бердібек те ауыл балаларымен бірге сегіз шақырым жердегі Жанарық орта мектебіне қатынап оқиды. Бала Бердібек өзінің зеректігімен, ұқыптылығымен, орнықты мінез-құлқымен көзге түседі. «Сыныпқа жана келген Бердібек бізбен тез тіл табысып кетті. Алғашқы кезден бастап-ақ өзінің ұйымдастырушылық, жетекшілік қабілетін көрсетті. Сабаққа да, басқа қоғамдық жұмыстарға да алғыр болатын. Спортқа бейімділігі біздің мектепте спорттың жандануына септігін тигізді. Аудандық пәндік олимпиадаға қатысып, орын алған алғашқы оқушы да Бердібек болды. Оның алға қойған мақсатына жету ұмтылысы мен қайсарлығы, өжеттілігі басқаларға да үлгі болды», – деген сол жылдардағы сыныптасы Бақыт Нұртазаевтың осы бір айтқанынан біраз жайлы аңғаруға болар еді.

Және Торғай облыстары бірінен соң бірі таратылып жатқан тұста, мұндай күйді Қызылорда облысы да бастан кешуі керек еді. Алайда облыс Әкімі Қызылорданың табиғи ресурстары мен басқа да әлеуетін экономикалық талдаудан өткізіп, бұл облыстың қаржы сұрайтын өңірден республикалық бюджетке қаржы құятын дәлелдей біліп, сақтап қала алады. Өңірді өркендетудің барлық амалдары қарастырылды. Қызылордаға арнайы экономикалық аймақ мәртебесін беруге айналысты. Бұл да тегін емес еді.

Бұл кез өңір экономикасының құлдырауы одан әрі жалғасып, Қызылордадағы целлюлоза картон, төжірбелік жондеу-механикалық зауыттары, аяқкиім, тоқылмайтын материалдар фабрикалары және тағы басқалар жарым-жартылай жұмыс істеді немесе тоқтап тұрды. Кәсіпорындардың жұмысы нарықтың қысымына шыдас бере алмады. Олар шикізаттардың жоқтығынан немесе өз өнімдерін өткізетін рынок таба алмай отқалды, еңбек ұжымдарының мүшелері ақысыз демалысқа жіберілді. Кезек күттірмейтін мәселелердің бірі облыс ауыл шаруашылығының жағдайы еді. Өйткені ауыл шаруашылығында да күрделі жағдай қалыптасқан еді. Астық, соның ішінде, Сыр маржаны – күрші те кем жинала бастағандығы аландатарлық жағдай болатын.

Кеңестік заманның экономикасы негізінде білім алған Б.Сапарбаев нарық экономикасына тез бейімделген және елауір менгерген мамандардың қатарынан орын алады. Батыстың танымал экономистері Ф.Хайектің, Д.Кейнстің, Л.Эрхардтың және тағы басқаларының еңбектерімен танысқан Б.Сапарбаев олардың ұсынған нұсқаулары мен теорияларын жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға жаңадан өтіп жатқан өзіндік ерекшелігі бар екендігін ұғындырумен болды.

Осы батыс экономистерінің тұжырымдарын Қазақстанға абайлап енгізді, елдегі әлеуметтік-экономикалық аухалды ескере отырып қолданды. 1996 жылы жарық көрген «Арнайы экономикалық аймақтар. Құру төжірбесі». («Специальные экономические зоны. Опыт создания») деген кітабында Б.Сапарбаев арнайы экономикалық аймақтардың қазіргі уақытта әлемдік шаруашылықтың ажырағысыз элементтерінің біріне айналғандығын айта

Қалыптасқан аса ауыр** **Қиын жағдайдан шығу үшін облыс Әкімі Б.Сапарбаев** **шұғыл шараларды жүзеге асыруды қолға алды. 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі бағдарлама жасалып, қабылданды. Макроэкономикалық салалардағы қол жеткен нәтижелерді тұрақтандыру және құрылымдық-институттық қайта құруларды қамтамасыз ету, өндірістің құлдырауын тоқтатып, одан кейін экономиканы, осының негізінде халықтың тұрмыс деңгейін көтеруді қамтамасыз ету міндеттері алға қойылды. Облысты дамытудың орта мерзімді бағдарламасына сәйкес реформаны тереңдету жұмыстары жеделдетілді. Атап айтқанда, меншік қатынастарын жаңарту, жеке сектордың қалыптасуы мен дамуын тездету, бәсекелестік ортаны құру, нарықтық инфрақұрылымдарды қалыптастыру, тауар өндірушілердің әлемдік нарық жағдайына бейімделуіне жәрдемдесу, басым бағыттағы өндірістің дамуы мен шетел капиталының енуінің жаңа үлгілері мен жолдарын іздестіру қолға алынды. Жасаған іс-шаралар көп ұзамай-ақ өз нәтижелерін бере бастады. 1996 жылы инфляцияның деңгейі оның алдындағы жылмен салыстырғанда 40 пайызға төмендеді, өнеркәсіп өнімнің көлемі 41,6 пайызға артты. Бұл Сапарбаевтың алғашқы жеңісі болып!

Ел күні бүгінге дейін Бердібек Сапарбаевтың мына бір жеңісін де айтумен келеді. 1997 жылы Семей, Көкшетау, Жезказған, Талдықорған



Сурет Болат Омаразиевтікі

отырып, «экономикалық аймақ» терминіне түсінік береді. Арнайы экономикалық аймақ, біріншіден, мемлекеттің экономикалық үдеріске араласуының елауір шектелуінен, екіншіден, арнайы жеңілдіктер мен ынталандыру жүйелерінің қолданалуымен сипатталады.

Сыр елінің географиялық орналасуы мен Оңтүстік Торғай бассейніндегі және Арал маңындағы болған мұнай мен газ қорын және Қаратау жотасының аяқталар тұсындағы қорғасын мен мырыштың және уранның мол қорын есепке алған ғалым-Әкім Қызылорда об-

лысында арнайы экономикалық аймақ құрудың тиімділігін дәлелдеп, 1996 жылы қарашада Қызылорда арнайы экономикалық аймағының құрылуына қол жеткізді.

Аталған қалалардағы өндіріс орындары тоқтап, жұмыссыздық көбейген. Ауыл шаруасының да түйткілді мәселелері халықтың жанбағысына ауыр тие бастаған екен. «Сырттан келген сары бала» не тындырар дейсің дегендер де болмай қалмады. Өзінің кісілігімен де, экономикалық біліктілігімен де танылған Бердібек Сапарбаев билік тарапынан да қандай бір ағаттыққа ұрынбауға, сөйтіп, «күш қолданбау үшін және қарсылық білдіретіндерді жеңу үшін жай ғана күшті екендігінді білдіріп қой» қағидасын ұстана білді. Елдің сеніміне ие болды. Мемлекет басшысының облыс Әкімдігі алдына қойған тапсырмалары толық орындалды. 2002 жылы тамыз айында оңтүстіктің халқы Бердібек Машбекұлына жаңа қызметіне алғысы айта отырып, шығарып салды.

Бердібек Сапарбаев 2002 жылдан тамыз айынан 2009 жылдан наурыз айына дейін Келендік бақылау агенттігінің төрағасы, қаржы вице-министрі – Келендік бақылау комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Премьер-министрі кеңесі басшысының орынбасары – Үкіметтің ҚР Парламентіндегі Әкімі, Экономика және бюджетті жоспарлау вице-министрі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі лауазымдық қызметтерін абыроймен атқарды.

Қай өңірде, қай салада еңбек етсе де ел сенімін ақтай білген Бердібек Сапарбаев енді Шығысқа жіберілді. Әкімді Шығыс өңірі бұрын-соңды болып көрмеген қаһарлы қысы, қалың қары, көктемгі су тасқынымен қарсы алған еді. Облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайымен бірге, Алтайдың қатты суығы мен қалың қары да төтенше мәселеге айналды. Дәл мұндай қатты қысты көрмегендер «Арктиканың аязы Алтайға бауыр басып алды» дегенді де айтып жүрді.

Үш-төрт ай бойы үзілсіз жауған қалың қар, үсірік аяз, күре құлдардың қар басып, ұзақ уақыт жабылып қалуы, онан соң күннің күрт жылынуынан және екі тәулік бойы жауған жанбырдан соң бірнеше елді мекенді су басып кетті. Баспанасыз қалған, дүние-мүліктерінен, малдарынан айырылған халықтың жағдайы әбiгерге салды. Облыс Әкімі қамсыз отырмады, қауіптің алдын алу шаралары ұйымдастырылды, қар құрсауындағы аудандарды аралады, тиісті тапсырмалар берілді, республикадан, басқа өңірлерден қар тазалайтын және басқа да техникалар, ұшақтар жеткізілді. Тасқынға тосқын қойылды. Б.Сапарбаевтың

ақындар мен жазушылар, ғалымдар, оқымыстылар атамекендеріне келді. Сағыныштарын басты. Туған елдері өздерінен шыққан тұлғалармен дидарласты. Солармен мақталды, оларды құрметтеді өзара пікір алмасты. Шығармашылықтарынан нәр алды, қала мен ауылдағылар арасындағы байланыстың жаңа көпірі жасалды.

2015 жылы Бердібек Сапарбаев Ақтөбе облысының Әкімі болып тағайындалып, осы облысты төрт жылға жуық басқарды. Осы жылдары Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы республика бойынша алдыңғы орынға шықты. Бұл да Бекеннің тынымсыз адал еңбегін көрсетеді. 2019 жылы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі, Премьер-министрдің орынбасары қызметін атқарды. Осы жылдары атаулы әлеуметтік көмекке, еңбек дауына байланысты елде үлкен мәселелер туындаған болатын. Осы қордаланған мәселелерді оңтайлы шешудің басы-қасында жүрді. 2020 жылы ақпан айында Жамбыл облысындағы Қордай қалқығысы орын алғанда осы облысқа Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Б.Сапарбаевты Жамбыл облысының Әкімі етіп жіберді. Жамбыл облысында ел дамуының аса бір күрделі кезеңінде Әкім болуы Бекеннің табиғи дарын қабілетін жаңа бір қырынан ашты деуімізге толық болады.

Бердібек Сапарбаев туған** **өсуіне қырық жылға жуық** **өмірін арнады. Оның ішінде бес облыстың Әкімі, министр, Премьер-министрдің орынбасары сияқты үлкен лауазымдық қызметтер атқарды. Тәуелсіз Қазақстан тарихында қатарынан бес облысты басқарған Әкімдер әзір болған жоқ. Мұндай саяси өміршеңдіктің сыры неде? Бұл сұраққа біржақты жауап беру қиын болар. Бердібек Сапарбаев – қызметке берілген, еңбеккер, қай тапсырманы да аяқсыз қалдырмайтын табанды, қай мәселені де жеті рет ойлап, бір рет кесетін сабырлы, ар-намысты жоғары ұстайтын, адал да парасаты азамат. Ол сан салалы шаруашылықтың майлық-сулығына жете қанық, арқасына қанша жұк артсаң да, арымайтын арышыңды қара нар екенін тұғыш Президент те, қазіргі Президентіміз де танып-білді. Сондықтан да ұлттық ауқымда ой толғап, халқына жаны аштың, қажырды азамат екеніне көздері жетіп, қызмет бабында өсуіне себепші болды. Үлкенге құрмет, кішіге ізет, жақсылығын көргенге жамандық жасамасуға тырысушылық – Б.Сапарбаевтың кісілік болмысы. Сол мінезін Бекен кешегі бір «тырнақ астынан кір іздеген» жылды да еш айыпған емес.

Ардақты ұстазы, әріптесі жөнінде бірауыз артық сөз тісінен шыққан емес. Бұл да ел бола білумен соған лайық ер бола білуді көздейтін адамдар үшін есте тұтар өнеге. Бекен қызметтен кеткен соң да легдарлық қасиетін жоғалтқан жоқ. Ел үшін еткен ұзақ жылғы жемісті еңбегін бір сөпте ұмытып, көз тұрткіге айналдыратын керітарпалыққа киліккен емес. Мен білетін Бердібек аға ешқашан мынаны бітірдім ... осыны тындырдым ... деп мақтанбайды. Ешкімнен атак, мадақ деметпейді. Табиғатынан қарапайым, кеңкөлттық, көңбіс, қиындықтан бойын тартпайтын, жүрегі таза жан. Өзінен кейінгі әріптестеріне қиындықты жеңе білуді, жеке жүріп шаруа тындыруды үйретті. Бейнеттің нағыз бәйгеторысы бола білді. Әлеуметтік ахуалдың ауыспалы кезеңінде кездеспей қоймайтын ағаттықтарынан арылып, түбегейлі сауығуының жолы мемлекеттіліктің нығайтып, тәуелсіздікті орнықтыру, билік пен қоғамның арасын жымдастыру, биліктің халық алдындағы жауапкершілігін биіктете беру деп ұқты. Осыған орай ұстаным құрып, ұсыныстар жасады. Соның арқасында оның билікке де, қауымға да сөзі бірдей өтті. Президенттен бастап барша отандастарына бірдей белелді. Мұндай азаматтық ахуал Абырой деп аталады. Жетпістің жиегінде шығып жатқан жасыңыз құтты болсын, көрер қызығыңыз бен жақсылығыңыз көбейсе берсін, Абыройлы, Абзал аға!

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
саяси ғылымдар докторы,
профессор

Басылым барлық мектепке келеді



«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы National Geographic Қазақстан журналымен бірлесіп, Қызылорда, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарының 900-ден астам мектебіне қазақ тіліндегі осы басылымды тегін жаздыру жұмысын бастады.

National Geographic – АҚШ-тың ұлттық география қоғамының ресми басылымы, 135 жылдан бері әлемнің 80-нен астам елінде жарық көріп келеді. Жер-жаһанда миллиондаған оқырманы бар, өз брендин қалыптастырған. Оның журнал, телеарна, кітап, әлеуметтік желідегі жалпы аудиториясы 900 миллионнан асады.

орта және жоғары сынып оқушылары қатысты. Бұл маңызды қадам жаратылыстану-ғылыми, техникалық бағыттағы журналдарды оқу мәдениетін қайта жаңаландыратынына сенімдіміз. Таңдаулы National Geographic журналына түскені кездесік емес.

Қызылорда қаласы полиция басқармасының қызметкерлері «Профилактика апталығы» іс-шарасы аясында қала маңындағы саяжай учаскелеріне («ПМК-29», «ПМК-66», «Қосшынау», «Талсауат») рейдтік тексерулер жүргізді.

Саяжайдағы рейд

Мақсаты – қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастар саласындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу, тұрғылықты жері бойынша ПД-да есепте тұратындарды тексеру.

«СБ» ақпарат

ТҮРКИЯНЫ ТЕҢСЕЛТКЕН АПАТ

Қазір Түркия мен Сирияда да көз жұмғандар мен жаракат алғандар саны сағат санап артып жатыр. Кейінгі ширек фасырдан бері қиындықтан көз ашпай келе жатқан Сирия жұртына да жаңын ашылды. Аналолыдағы бауырлас ағайынның да аманлығын тілейміз.

Апат құрбандарын көлікпен тасымалдау, рәсім бойынша жерлеу ісі ұзаққа созылды. Бұл Кеңес одағының тарихындағы өзінше қуаты мен зардабы жөнінен бұрын-соңды болып көрмеген ірі зілзала Спитак қаласын түгелдей жермен-жексен еткен еді.

Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласуға қажет: «ҚазТрансОйл» АҚ Жезқазған мұнай қуыры басқармасы 100600, Жезқазған к., Ескі әуезжай ауы. Тел: 8 (7172) 55-52-55 – №5 техникалық учаскесінің Б/Б диспетчері; 8(7102) 925-255 – «Күмкөл» Б/МАС ауысымның бастығы-кезекші; 8 (7102) 925-241 – Жезқазған МКҚБ бастығының қабылдау бөлмесі;

Advertisement for KazTransOil containing a 'ЕСКЕРТУ' (Warning) section and 'ХАЛЫҚТЫҢ ҚӘСІПОРЫНДАРЫҢ, ҰЙЫМАРЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫҢНЫҢ НАЗАРЫНА' (Attention citizens, associations, and agricultural households) section.

Advertisement for Uroformen medicine, featuring an anatomical diagram of the prostate and text: «Простатит, аденома, несеп шығару қызметінің бұзылуы, импотенция, бедеулік?!»